

**А.Ж. Зекенова**

М.С. Нәрікбаев ат. КАЗГЮУ университеті  
аға оқытушы, филол.ғ.к.  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан;  
E-mail: a\_zekenova@kazguu.kz;  
ORCID: 0000-0002-5025-5947.

**АҚТАҢДАҚ ӘДЕБИЕТТІҢ БІР ТҮЛҒАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде әлі туған-өлген жылдары толыққанды анықтала қоймаған қазақ ақындарының бірі Байбатыр Ержанұлы Исмаиловтың өмірі мен шығармашылығы қарастырылады. Мұрағат құжаттары мен ақынның ұрпақтары берген дәлелді ақпараттардың негізінде Байбатырдың бұрынғы Қызылжарда (қазіргі кезде Солтүстік Қазақстан облысы) 1897 жылы дүниеге келгені, 1939 жылы қайтыс болғаны, 1935 жылы ОБӘК-мен (Облыстық басқарма әскери комитеті) ұсталып, оған тергеу жүргізілгені анықталды. 1994 жылы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне қатысты жарық көрген жинаққа енген «Байбатыр Ержанов» атты мақаласында ғалым Ж.Тілепов журналист Сейтен Сауытбековтың пікіріне сүйене отырып, ақынның Оңтүстік Қазақстан облысынан екендігін айтады. Бұл ой сәл асығыстықпен берілгені анықталды.

Қаламгердің өмірі мен шығармашылығына қатысты табылған мұрағат материалдары мен қолжазбалар алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылып отыр. Мысалы, ақынның «Тұр, қазақ!», «Оқуға махаббат» атты кітапшаларымен қатар табылған «Өлім құшты» («Колхоз үшін» шығармасының бір бөлігі) туындысының төте жазумен жазылған түпнұсқа қолжазбасы, өлімі туралы анықтамасы, ақынның өз қолымен жазылған тергеу кезінде толтырған анкетасы. Жинақталған ақпараттың негізінде ақынның өмірбаяны толықтырылды. Байбатыр Ержанұлының 2 ұлы мен 1 қызы болғаны, Маржан есімді жары болғаны, ұстаздық қызметі, редакциялық жұмысымен қатар ақындық, жазушылық, журналистік дағдыларды да қатар алып жүргені мақалада зерттеліп, айқындалған.

**Кілт сөздер:** ХХ ғасыр басы әдебиеті, қазақ, ұлттық, әдебиет, оқу-ағарту, оқуға деген қызығушылық, махаббат, ақындық, көзқарас, тәуелсіздік.

**Кіріспе.** ХХ ғасырдың аяғында қазақ жеріне келген тәуелсіздіктің арқасында көптеген қаламгерлер мен қайраткерлердің есімдері қайта жаңғырып, шығармалары көзі ашық, көкірегі ояу азаматтармен қауышқаны белгілі. Дегенмен «ақтаңдақ» беттер қарастырылып жатса да, шығармашылығы көп талдана қоймаған қаламгерлер бар. Солардың бірі Байбатыр Ержанұлы – кезінде өзге қаламгерлер сияқты жарияланып, елінің сауатын ашуға еңбектенгенімен, әдебиет тарихы мінберінен тиісті орнын ала қоймаған дарын.

Байбатыр Ержанұлы туралы 2010 жылдан бастап біз жариялаған ғылыми ізденістерге дейін С.Мұқановтың «Есею жылдарында» Байбатырдың «Көр азабы» деген ислам дінін сықақтаған бір актілі комедиясы қазақ мектептерінде қойылып жүргені айтылады (Мұқанов, 1970: 238), әрі Байбатырдың пьесалары «қырық-елуден асып жығылатындығы» да айтылған (Мұқанов, 1977), ал «Қазақ әдебиетінің тарихы» онтомдығының 6-томында қаламгердің «Оқуға махаббат» атты еңбегі (Ержанұлы, 1912 ж.) повесть ретінде бағаланған. Ғалымдар оны Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлылармен бірге «Халыққа ұлт-азаттық идея тастап, қараңғылықтан шығуға дәнекер болған шығармалар жазған белгілі ақын-жазушылар,

публицистерді М.Дулатовпен қатар», -қояды (6-том, Қазақ әдебиетінің тарихы, 2006: 69). 1994 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан жарық көрген «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» жинағындағы филол.ғ.д., профессор Ж.Тілеповтың бірнеше беттік талдауын өзгелерге қарағанда көлемдірек деп айтуға болады (Тілепов, 1994). Зерттеуші Д.Қамзабекұлы Байбатыр Ержанұлын «азаматтық ар-ожданы айқын көрінген жас қаламгердің бірі» дей отырып (Қамзабекұлы, 2002), әрі оның «Оқуға махаббат» еңбегін «жаңа заманға қажетті оқудың мән-маңызын жан-жақты айтқан» «жәдитшіл» туынды деп таниды (Қамзабекұлы, 2002).

Байбатыр Ержанұлының «Тұр, қазақ» (Ержанұлы, 1911), «Оқуға махаббат» (Ержанұлы, 1912) атты кітапша ретінде шыққан еңбектері мен 1924 жылдары сахналандырылған «Есентай» (қолжазбасы сақталмаған) және «Көр азабы» атты пьесалары (Мұқанов, 1970) ғылыми айналымға енген. Бұдан бұрынырақта жазған ғылыми мақалаларымызда Байбатыр ақын туралы деректер мүлдем мұрағатта сақталмаған соң, оның өмірі, қызметіне қатысты нақты жылдар мен даталарды нақтылау мүмкіндігі тумаған еді (Зекенова, 2011). Бірақ қазіргі кезде Байбатыр Ержанұлының Солтүстік Қазақстанда тұратын ұрпақтары бар екені анықталып, олардың отбасылық мұрағаттарында ақынның бірталай құнды дүниелері бар екені қуантады. Ендігі әрекет сол дүниелерді жинақтап, жарыққа шығарып, ғылыми айналымға енгізу.



**Әдістер.** Нысанды зерттеу, қарастыру барысында салыстырмалы тарихи, мұрағат құжаттары негізінде de-fakto сараптамалық, сипаттамалы әдістер қолданылды.

### **Нәтижелер**


Қолда бар құжаттар мен деректерді салыстыра келе келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Б.Ержанұлы 1897 жылы дүниеге келіп, 1939 жылы қайтыс болған;
2. Б.Ержанұлы 1934 жылы Семейде ОБӘК (ВКОУ)-мен ұсталып, қамауға алынған;
3. Байбатыр Ержанұлына қатысты РСФСР атынан 21 ақпан 1936 жылы Қылмыстық кодексінің 169-бабы бойынша 5 жылға, ал 58-бабы бойынша 8 жылға бас бостандығынан айыру туралы жаза шығарылған;
4. Б.Ержанұлы «Колхоз үшін» (қолжазбада «Өлім күшты») атты әңгімесіндегі ұлтшылдық сипаттағы ой-пікірлері үшін қамауға алынып, атылған;
5. 1961 жылы қылмысты Жоғары Соттың Қазақ бөлімшесінің коллегиясының шешімімен Байбатыр Ержанұлына қатысты үкім жойылып, іс дәлелдемелері мен қылмыстық құрамы жоқтығынан тоқтатылады;
6. Ақын 1927-1935 жж. сол кездегі Кеңес үкіметі Партиясының мүшесі болған;
7. Ақынның Эдгард (Едіге), Тельман есімді екі ұлы, Роза есімді қызы, Ержанова Маржан есімді жұбайы болған;
8. Бұрынғы еңбектерде жазылып жүргендей ол Ержанұлы Исмаилов емес, туған тегі мен қаны бойынша Исмаилұлы Құлақбаев болуы керек;
9. Б.Ержанұлының «Тұр, қазақ!» кітапшасы Қазан қаласынан Домбровский баспаханасынан үш рет 1911, 1912, 1914 жылдары жарық көрген;
10. Б.Ержанұлының алғаш «Тұр, қазақ!» кітапшасы шыққан мерзімде ол 14 жаста болған. Кітапша 1911 жылы жарық көрген, ал ақын 1897 жылы дүниеге келген;
11. Б.Ержанұлы тым жас болса да, XIX-XX ғғ қазақ ақыны Нұржан Наушабайұлымен хат алып-жазысқан, сол хат қолжазбаларын «Тұр, қазақ!» еңбегіне енгізген;
12. Ақынның «Тұр, қазақ!» еңбегі Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегімен үндес, сол жүйеде жазылған. Мазмұнның тақырыпшалары сарындас болып келеді;
13. XXI ғасыр жастарын оқу-білім алуға қатысты ынталандыру мақсатында Б.Ержанұлының өмірбаяны мен көркем дүниелерін үлгі ретінде ала отырып, әдебиетті оқыту үдерісіне қосып, бағдарламаларға енгізу қажет. Бұл «жас та болса, бас болған» деген сөздің ауанына сәйкес қазіргі заман ұрпақтарын жасампаздық пен бәсекелестікке қабілетті болуға құлшындыратыны анық.






Ал 1960 жылы ақынға қатысты Едіге мен Тельмандардың сұратуы бойынша берілген «Өлім туралы анықтамада» 1-ФЮ №549310 оның 1939 жылы жүрек ауруынан қайтыс болғаны жазылған. Бірақ қаламгердің өлген жері, ауданы, өлкесі, ең болмаса республикасы жазыламаған. Әрине бұл мәселелер көптеген сұрақтар туындатады. Бұл ақпарат 1960 жылдың 4 шілдесінде «Өлімі жөнінде азаматтық хал актісі» кітабына жазылғаны айтылады. Егер де анықтаманы берген Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қалсының ЗАГС бөлімшесіне бұл ақпарат 1960 жылы тіркелмесе, осы анықтама да қазіргі кезде болмайтын еді.



Ұсталған себебі, «Колхоз үшін» атты әңгімесіндегі ұлтшылдық сипаттағы ойлары мен колхоздастыру кезіндегі ашаршылық пен халықтың жай-күйін сипаттауы. 1927 жылдан 1935 жылға дейін партия мүшесі болған. Бірақ қандай партия екені нақтыланып жазылмаған. Біздіңше, Алашорда партиясының мүшесі болғанға ұқсайды. Себебі, қолда бар деректерге қарағанда ол басқа партияға кіруді көксемеген де.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан шыққан жинақтарға Байбатыр туралы ғылыми ізденістерімізді беріп, оның шығармашылығын талдағанда ақынның 1911-12 жылдары жарық көрген «Тұр, қазақ!» кітапшасында сол кездегі беделді ақын Нұржан Наушабаевпен хат алысып, ақыл-кеңес алып тұрғанына қарап, Байбатырды 1885 жылы туған деп шамалаған едік (Зекенова, 2011). Ақиқаттан алыстап кетпегеніміз қуантады. Себебі құжаттарға сүйенсек, ол 1897 жылы дүниеге келген. Бірақ таңқалдыратын жайт оның 13-14 жасында кітап шығарғаны. Заманында тек елдің атқамінер азаматтарының балалары білім алып, сауат ашқанын ескерсек, Байбатыр Ержанұлының да текті тұқымнан шыққанына көзіміз әбден жетеді.

Байбатыр Ержанұлы «Өлім күшты» («Колхоз үшін» деген ұзақ әңгімеден үзінді) (төте жазумен жазылған қолжазбада, не күшті, не күшты екені түсініксіздеу) атты туындысының жарық көргені үшін ұсталып, жазаланған. Себебі тергеу ісінің сұрақ-жауаптарында да Байбатыр Ержанұлына осы «Колхоз үшін» атты әңгімесі туралы өте көп сұрақтар қойылған.



«2-бөлім. Өлім құшты» атты туындысындағы: «Кедейлер қынжылады, қиналады, толтырмаса, тағы бір пәле жауып қояды. Суық сарайға қамап, үстіне су құйып, азаптайды. Қыл қысқасы: «Сал к...нді керсенге, сиса да бер, бес теңге, Симаса да бер бес теңгесі», енді болды» деген үзінділерінен сол заманда қиналған жұрттың қал-жағдайлары, колхоздастырамыз деп елді тонау әрекеттері әшкереленген. Бас пайдасын ойлап, екіжүзділікпен елге өтірік айтып жүрген жегіқұрт Дүйсеннің құйтырқы әрекеттері, колхоз бастығы Қасеннің шарасыздығы, кәмпескеге шын-өтірігі аралас ұшырап жатқан елдің азабы, жалпы сол замандағы қазақтардың бірін-бірі айдап салуы, өтірік арыздардың арқасында адамдарға жала жабылып, елдің қан қақсауы, қиналуы жазылған. Қазіргі әріпке түсіргенде түсінгеніміз бұл туынды – пьесалануға дайындалған. Себебі әр кейіпкердің жасы, қызметі, айтатын сөздері жазылған. Сондықтан мұны әңгіме-пьеса деп атауды жөн санаймыз. Толық нұсқасы табылмаған, дегенмен осы аударылған дүниенің өзі Байбатыр Ержанұлының өз заманының шынайы патриоты болғанын растайды. Сол кездегі билік өкілдерінің бұл туындыда қаншалықты айдап салу, өтірік-шыны аралас жала жабу ел арасында орын алғаны жазылғанымен ақыр аяғында Қызыл әскердің колхоздастыру әрекеттері орнығып, әділетті билік орнағанын сол кездегі биліктің қалай көрмегені түсініксіз жайт.

Тергеуде «Тұр, қазақ!» кітапшасындағы ойлары, «Айқап» пен Мұхаметжан Сералинмен байланысы, «Жас Азамат» газетімен ынтымақтастық қарым-қатынастары, газеттің мақсаттары, насихат жұмыстарының ауаны, Ақпан көтерілісінен кейін Кеңес үкіметі орнағанша айналысқан істері мен атқарған қызметтері т.б. сұрақтар қойылған екен.

Байбатыр Ержанұлының берген жауаптарында оның «Объединение» баспаханасында қызмет атқара жүріп, «Жас Азамат» газетімен ынтымақтастық қарым-қатынастар болғаны, бірақ қазіргі кезде (ұсталған уақытта) ол газетті «контрреволюциялық» бағыттағы басылым ретінде танығаны айтылған.

1914 жылы қаламгер өзінің асырап алған әкесінен кетіп, Троицкіге мектепке оқуға түсу үшін аттанады. Ол кезде Байбатыр 17 жастағы жігіт. Бірақ мектепке бірден қабылдана қоймағандықтан «Депо»-да екі ай қызмет еткен екен. Сосын Сосновскийдің баспаханасына (типография) қызметке тұрып, бір уақытта кешкі мезгілдерде оқуға түсу үшін мұғалімдерді даярлайтын «Уэзипа» медресесінің даярлық курстарына барып жүреді. 1916 жылға дейін медреседе білім алған. 1916 жылы тылдағы жұмыстарға шақырылғандықтан оқуды тастауға

тура келеді. Жолда Челябинск станциясының маңында 5 жігітпен бірге тылдағы жұмыстан қашып, ауылдарда тығылып жүрген көрінеді. Сөйтіп Ақмола уездіндегі «Мамай» аймағында 2-3 ай жалдамалы қызметтер атқарған. Жадрин деген саудагердің үйінде тұрып, балаларының сауатын ашқан.

Байбатыр Ержанұлының 1917 жылға дейінгі тұста жарияланған еңбектері мен пікірлері тәуелсіздікке қол жеткізуге армандаған мұраттардан туындағанын байқау қиынға соқпайды. М. Дулатұлы ұйқыда жатқан елін оятуға ұмтылса, келесі жерде тек қана оянып қоймай, сонымен бірге тұрып іс-әрекет жасау керек екенін Б.Ержанұлы жете түсінеді. Сондықтан ең алғаш жарық көрген кітапшаның «Тұр, қазақ!» деп аталуының өзі туындының негізгі түйінін айқындап тұр. Екі дарынның туындыларындағы азаттық, тәуелсіздік идеялар бір-бірімен үндес келеді.

Ержанов (Құлақбаев) Байбатыр Исмаилұлы еңбектеріндегі өнер дегені – оқу-білімге ұмтылу, оқуға ниеттеніп, ғылым үйрену дегені. Осы жолда еңбек етсең, талаптансаң, еңбегің бекер далаға кетпейтінін ескертеді. Бірақ, XX ғасыр басында «ел ағалары» ретінде, билікке ел мүддесін ойламағандарды да қоя бергендіктен Б.Ержанұлы «жаман құлдардың атқа мінгеніне» қынжылады (Ержанұлы, 1914).

**Қорытынды.** Сонымен ойымызды қорытындаласақ, саяси, тарихи, мәдени шамашарқынша сауаты бар, жазу мен сызудан көп қатарластарынан бойы озық тұрған, баспа ісімен тікелей айналысқан, тағдыр тәлкегінен талай қиындықты басынан өткерген қаламгер Байбатыр Ержанұлының (1897-1939) ең басты идеялары – білімді жастарды тәрбиелеу, жастардың – болашақ елдің тірегі ретінде сауаты ашық, көкірегі ояу болуы жолында қызмет ету, сауат ашуға үндеу, өмір қиындықтарына көркем туындылары арқылы «мысқылдап» жауап бере отырып, төтеп беру, елінің ертеңіне алаңдау, халықтың мүддесін, бостандығын, егемендігін, сауатты болуын армандау, сол жолда қызмет ету деп ойлаймыз.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне қатысты бағдарламаларға Байбатыр Ержанұлы (Исмаилұлы) Құлақбаев туралы мәліметтер, атап айтқанда ақынның 1897 жылы Солтүстік Қазақстанда дүниеге келіп, 1939 жылы Семейде қайтыс болғаны, Кеңес үкіметі Партиясының мүшесі бола тұра ұсталғаны, өмірбаянына қатысты ақпараттар оқу-бағдарламаларына енгізілгені дұрыс. Себебі қазақ әдебиеті тарихында бұрын-соңды ауыз әдебиеті мұралары өркендеп, дамып тұрған замандары ерте білім алып, басынан аяғына дейін жырларды жатқа айтатын ақындар болғанымен, 14 жасында кітап шығарып, қазақ әдебиетінде мүмкіндігінше қолтаңбасын қалдырған өнер иелері кемде кем.

Ол өз заманында белгілі дәрежеде қоғам қайраткері ретінде өзін-өзі таныта білді. Өз ойларын бұғып қалмай, ашық түрде баспа бетінде жариялап та жүрді. Сол себепті, шынында да, елдің болашағы үшін күш-қайратын жұмсаған ақын ретінде тануға, насихатталуға ылайық. Б.Ержанұлының әдеби дүниелері қарапайым форма, стиль, аса бір үлкен әсірелеу мен теңеулерді қолданбай сол кездегі оқырманға ұғынықты, кейбір тұстарында, тіпті, әдеби емес, ауызекі сөйлеу мәнерімен баяндалған. Сонысымен ол ұғынықты да түсінікті. Өз қарапайымдылығымен ол мәнділігін жоғалтпай, қайта өзіне ерекше реңк беретін құнды бар дүние болып шыққан. Осы айтылғандарды ескере отырып, Байбатыр Ержанұлы сияқты қаламгермен қазақ мәдениеті жете таныс болып, оның шығармашылығы өзінің тиісті әдебиет майданы тарихындағы орнын алатынына үміт артудамыз. Жалпы бұл келешекте біршама ғылыми ізденістерге ынталандырса құба-құп болар еді.

**А.Ж. Зекенова**

КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева  
старший преподаватель, к.филол.н.

г.Нур-Султан, Казахстан

E-mail: a\_zenkova@kazguu.kz;

ORCID ID: 0000-0002-5025-5947.

## ОДНА ИЗ ЛИЧНОСТЕЙ «БЕЛЫХ ПЯТЕН» ЛИТЕРАТУРЫ

**Аннотация.** Статья посвящена жизни и творчеству одного из поэтов литературы начала XX века Байбатыра Ержанулы, годы рождения и смерти которого еще полностью не уточнены и не определены. На основе имеющихся архивных документов и информации, предоставленной потомками поэта было выяснено, что Байбатыр родился в 1897 году в прежнем Кызылжаре (ныне Северо-Казахстанской области) и умер в 1939 году. Было выявлено, что в 1935 году поэт был арестован ВКОУ (Военным комиссариатом областного управления), и по его делу проводилось расследование. В сборнике о литературе начала XX века, выпущенном в 1994 году, в статье о Байбатыре Ержанове ученый Ж.Тилепов, ссылаясь на мнение журналиста Сейтена Сауытбекова, утверждает, что Байбатыр родился в Южно-Казахстанской области. Было выяснено, что эта мысль была высказана поспешно.

Архивные данные и рукописи, касающиеся жизни и творчества писателя, впервые выносятся на обозрение общественности. Например такие, как найденные наряду с книгами поэта «Вставай, казах!», «Любовь к учебе», оригинал рукописи, написанной письмом, основанным на арабской графике «Объят смертью» (одна глава произведения «За Колхоз»), справка о смерти, анкета, заполненная от руки поэтом во время следствия. На основе собранного материала была дополнена биография поэта. В статье выявлено, что у поэта было двое сыновей, одна дочь и жена Маржан, а также то, что наряду с учительской и редакционной работой он совмещал поэтическую, писательскую и журналистскую деятельность.

**Ключевые слова:** литература начало XX века, казах, национальный, литература, просветительство, любовь, интерес к учебе, поэтический дар, точка зрения, независимость.

**A.Zh.Zekenova**

M.S.Narıkbaev KAZGUU University  
Senior lecturer, Cand. of Philology  
Nur-Sultan, Kazakhstan  
E-mail: a\_zekenova@kazguu.kz;  
ORCID ID: 0000-0002-5025-5947.

## ONE IDENTITY FROM PROHIBITED LITERATURE

**Summary.** The article considers the life and work of one of the poets of literature of the early twentieth century, Baybatyr Yerzhanuly, whose years of birth and death have not yet been fully specified and defined. Based on the available archival documents and reasonable information provided by the descendants of the poet, it was found that Baybatyr was born in 1897 in the former Kyzylzhar (now North Kazakhstan Region) and died in 1939. It was revealed that in 1935 the poet was arrested by the East Kazakhstan Military District (Military Commissariat of the regional administration), and an investigation was carried out on him. In a collection of literature of the early twentieth century, published in 1994, in an article about Baybatyr Yerzhanov, the scientist Zh. Tilepov, referring to the opinion of the journalist Seyten Sauytbekov, claims that Baybatyr was born in the South Kazakhstan region. It was found that this idea was presented a bit hastily.

Archival data and manuscripts relating to the life and work of the writer are submitted to the public for the first time. For example, the original manuscript of his such books as “Get up, Kazakh!”, “Love for learning”, were found in the written letter based on the Arabic script “It is embraced with death” together with one chapter of the work “For the Collective Farm”, death certificate, questionnaire, completed by the poet’s handwriting during the investigation.

Based on the collected material, the biography of the poet was supplemented. The article found and revealed that the poet had two sons and one daughter, as well as his wife Marjan, and that along with teaching and editorial work, he combined poetry, writing and journalistic skills.



**Keywords:** literature beginning of the XX century, kazakh, national, literature, enlightenment, love, interest in learning, poetic gift, point of view (view), independence.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Дәуенов Е. <http://uadocs.exdat.com/docs/index-446709.html?page=3> (каз.)
- [2] Дулатұлы М. (1991). Оян, қазақ. Алматы: Н.Б-Пресс-Алтын Орда. (каз.)
- [3] Ержанов Б. (1912). Оқуға махаббат. Қазан: Домбровский баспаханасы. (каз.)
- [4] Ержанов Б. (1914). Тұр, Қазақ! (екінші басылым). Қазан: Домбровский баспаханасы. (каз.)
- [5] Қазақ әдебиетінің тарихы. (2006). Т.6. Алматы: ҚАЗАқпарат. (каз.)
- [6] Қамзабекұлы Д. (2002). Алаш және әдебиет. Алматы: Фолиант. (каз.)
- [7] Мұқанов С. (1964). Есею жылдары. Алматы: Жазушы. (каз.)
- [8] Мұқанов С. (1977). Он алты томдық шығармалар, Т. 6. Өмір мектебі. Алматы: Жазушы. (каз.)
- [9] Тілепов Ж. (1994). Байбатыр Ержанов. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Наука. (каз.)
- [10] Зекенова А. (2011). Абай мен Байбатыр Ержанұлы шығармашылығындағы болыстық хақындағы пайымдар. Тәуелсіздік және Абай: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары (173-180). Алматы, Қазақстан: ИД «CREDOS». (каз.)

## ЛИТЕРАТУРА

- [1] Дауенов Е. <http://uadocs.exdat.com/docs/index-446709.html?page=3> (каз.)
- [2] Дулатұлы М. (1991). Оян, қазақ. Алматы: Н.Б-Пресс-Алтын Орда. (каз.)
- [3] Ержанов Б. (1912). Оқуға махаббат. Қазан: Домбровский баспаханасы. (каз.)
- [4] Ержанов Б. (1914). Тұр, Қазақ! (екінші басылым). Қазан: Домбровский баспаханасы. (каз.)
- [5] Қазақ әдебиетінің тарихы. (2006). Т.6. Алматы: ҚАЗАқпарат. (каз.)
- [6] Қамзабекұлы Д. (2002). Алаш және әдебиет. Алматы: Фолиант. (каз.)
- [7] Мұқанов С. (1964). Есею жылдары. Алматы: Жазушы. (каз.)
- [8] Мұқанов С. (1977). Он алты томдық шығармалар, Т. 6. Өмір мектебі. Алматы: Жазушы. (каз.)
- [9] Тлепов Ж. (1994). Байбатыр Ержанов. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Наука. (каз.)
- [10] Зекенова А. (2011). Абай мен Байбатыр Ержанұлы шығармашылығындағы болыстық хақындағы пайымдар. Тәуелсіздік және Абай: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары (173-180). Алматы, Қазақстан: ИД «CREDOS». (каз.)

## REFERENCES

- [1] Dayenov E. <http://uadocs.exdat.com/docs/index-446709.html?page=3> (kaz.)
- [2] Dulatuly M. (1991). Oian, Kazakh. Almaty: N.B. – Press – Altyn-Orda. (kaz.)
- [3] Erzhanov B. (1912). Okuga mahabbat. Kazan: Dombrovsky baspahanasy. (kaz.)
- [4] Erzhanov B. (1914). Tur, Kazak! (the second edition). Kazan: Dombrovsky baspahanasy. (kaz.)
- [5] Kazak adebietinin tarihy. (2006). The 6th. Almaty: KAZAqparat. (kaz.)
- [6] Kamzabekuly D. (2002). Alash zhane adebiet. Almaty: Foliant. (kaz.)
- [7] Mukanov S. (1964). Eseiu zhyldary. Almaty: Zhazushy. (kaz.)
- [8] Mukanov S. (1977). On alty tomdyk shygarmalar, 6 T. Omir mektebi. Almaty: Zhazushy. (kaz.)
- [9] Tilepov Zh. (1994). Baibatyr Erzhanov. XX gasyr basyndagy kazak adebieti. Almaty: Nauka. (kaz.)
- [10] Zekenova A. (2011). Abay men Baybatyr Erzhanuly shygarmashylygy (kaz.)